



XFTAP 17.07.41

Ж.Ә.Аймұхамбет

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail a_zhanat@mail.ru)*

Абай өлеңдері метопоэтика парадигмасында*

***Аңдатпа.** Мақалада Абайдың ақындық болмысы мен суреткерлік шеберлігі, шығармашыл тұлға ретіндегі даралығы метопоэтика парадигмасында қарастырылады.*

Метопоэтиканың негізгі зерттеу бағыты көркем шығармашылық табиғаты, суреткердің шеберлігі, көркем туындының поэтикалық тілі екендігі әдебиеттанушы ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып зерделенеді. Шығармашыл тұлғаны мәтін ішінен іздеуге, сөйтіп оның өзіндік болмысын айқындауға негізделетін метопоэтикалық талдау тың тұжырымдарға жол ашатыны белгілі. Осы мақсатта Абайдың ақындық болмысын, суреткерлік табиғатын, эстетикалық пайымын таныту үшін өлең мәтіндеріне талдаулар жасалды. Ақынның сөз өнерінің мәні, қызметі, рухани-мәдени танымдағы орны туралы ойын арқау еткен өлеңдерін мысалға ала отырып, оларды «поэтологиялық өлең», «өлеңдегі теория»,

«теориялық өлең» ұғымдарымен сипаттау ұсынылады. Өлең мәтіндерін талдау барысында суреткер табиғатын айшықтайтын шығармашылық үдеріс, шабыт, ой мен сезім тоғысы, эмоция мәселелері айтылады.

***Кілт сөздер:** метопоэтика, поэтология, эстетика, шығармашылық, сыни пайым, шабыт, ой мен сезім.*

DOI: [10.32523 / 2616-7174-2021-136-3-84-93](https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-136-3-84-93)

Кіріспе

Метопоэтика, метопоэзия, металирика, метамәтін, метафора, метаморфоза, метафора, метареализм – бұл аталған ұғымдар қазіргі әдебиеттанудағы зерттеу аспектілерінің маңызды бөлігіне айналған.

Филология және әдебиеттану аспектісінде «мета» ұғымымен берілетін бірқатар терминдер «ауыстыру», «түспалдау», «аңғарту», «өзгеру», «аралық» мағыналарының аясына топтасады.

Әдебиеттану парадигмасының жаңалықтармен толығыуының бір көрінісі метопоэтикамен байланысты.

Әуелі сауал: метопоэтика дегеніміз не?

Әдебиет зерттеушілерінің пікірлеріне жүгінсек, метопоэтика арнайы зерттеу аспектісі ретінде өзінің бастауын көне дәуірлерден алады. Автор мен шығарма байланысын байыптағанда метопоэтикалық зерделеу маңызды орынға ие болмақ.

Метопоэтика – поэзияның есігін ашатын «кілт», шығармашылық табиғаты туралы ақындардың «өзінен», яғни туындысынан алынатын шынайы білім, мәтінмен сұхбат құрудың ең маңызды тәсілі. Метопоэтикалық талдаулар арқылы шығармашылық жадта сақталған ұлт

тағдыры мен тарихын, мәдениетін, шығармашыл тұлғаның болмысын тануға жол ашылады.

«Метапоэтика – бұл метапоэтикалық мәтінге негізделген поэтика, немесе автордың мәтінге енгізген көркем мәтін туралы айқын және айқын емес коды; жеке метапоэтиканы қоса алғанда, философиялық және көркемдік жүктемелерді антиномиялық қатынаспен сипаттайтын жүйені қамтитын «ерекше мықты» гетерогенді жүйе; оның зерттеу объектісі – сөз өнері, нақты мақсаты – материалмен, тілмен жұмыс, әдістерді анықтау, шеберлік құпиясын ашу; оған объективтілік пен шынайылық тән; ол өзін күрделі тарихи дамушы жүйе ретінде танытады, ғылымның түрлі салаларымен тұрақты түрде тығыз байланыста болады», – дейді осы аспектіде бірқатар зерттеулер жүргізген ғалымдар К.Э.Штайн мен Д.И.Петренко [1, 8].

Суреткер туындататын өнер – ең алдымен суреткерлік зерделеудің жемісі. Өйткені ол өзі нысанаға алған мәселені тани отырып таныту мақсатында әрекет етеді. Өзі әсерленген құбылысты, оқиғаны рецептиент қабылдауына жеткізу машақатты еңбекпен бірге, ең бастысы, ерекше талантты қажет ететіні белгілі. Әдебиеттану парадигмаларының талаптары тұрғысынан келсек, көркем мәтіннің күллі құрылымдық қабаттары тікелей суреткер санасына, пайымына, көзқарасына, талдауына бағынышты.

«Кез келген көркем мәтін суреткердің өз туындысына көзқарасы туралы, әсіресе, сол материалға негіз болған сөз өнерінің негізі болып табылатын тілге қатысты деректерді қамтиды», – дейді тағы К.Э.Штайн мен Д.И.Петренко [1, 18]. Орыс поэзиясының үш ғасырлық даму тарихын пайымдауда іргелі зерттеулер жүргізіп, орыс метапоэтикасының төрт томдығын және энциклопедиялық оқу анықтамалығын дайындаған бұл ғалымдардың құнды тұжырымдары – ұлттық поэзияның табиғатын метапоэтикалық тәсілмен терең танытуға болатындығын дәлелдеулері.

Ұлт тағдыры мен тарихы, ұлттық мәдениет, этноархаикалық мотивтер мен бейнелеулер, адам жанының қат-қабат сырлары, болмыс қайшылығы мен жан дүниедегі тынымсыз арпалыс – Абай поэзиясының алтын өзегі. Ақынның ұлтымен бірге жасайтын өміршең өлеңдерінің мәнін тани түсу үшін оны метапоэтикалық парадигмада айқындау әбден керек.

Сонымен, метапоэтикалық талдау бізге поэзияның сырын, сынын, астары мен тысын, тұтастай алғанда табиғатын ашып бермек.

Зерттеу әдістері

Нысанға алынған мәселені зерттеуде талдау, жинақтау, түсіндіру әдістері пайдаланылды.

Талқылау

Метапоэтикадағы негізгі зерттеу нысаны жалпылай айтқанда, көркем шығармашылық, жекедей алғанда, суреткердің шеберлігі, шығарманың негізгі тіні – поэтикалық тілді шеберлікпен тұтынуы. Ақынды өз шығармасынан іздеу, сөйтіп оны таныту – метапоэтикалық талдаудың басты мақсаты. Біз осы бағытта Абайдың ақындық суреткерлік табиғатын тереңдей тани түсу үшін бірнеше өлеңіне арнайы тоқталмақпыз.

Абай өлеңге жоғары эстетикалық талғам, айрықша пайыммен келеді. Ақын шығармашылығында сөз өнерінің мәні, құдыреті, рухани-мәдени танымдағы ролі «Өлең – сөздің патшасы», «Біреудің кісісі өлсе қаралы – ол», «Сегізаяқ»,

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Қуатты оттай бұрқырап», «Адамның кейбір кездері», т.б. өлеңдеріне арқау болған. Өлеңді өнер деп тану ақынның «тіл өнері – дертпен тең» көркем формуласында тұр.

Метапоэзия, металирика ұғымдары метамәтін шеңберінде айқындалатынын біз бұрынырақ өз мақаламызда айтып өткен болатынбыз [2, 196]. Бұл ұғымдар, сондай-ақ

метапоэтиканың ажырамас бөлігі екендігін есте сақтау қажет. Метапоэзия мен металирика туралы тұжырымдарға тоқталар болсақ, «поэзиядағы поэзия» терминін Ф.Шлегель дәл осы Абай ғұмыр кешкен, өзінің өлең туралы толғамдарын өлеңмен өрнектеген XIX ғасырда ұсынады. Неміс романтизмінің белгілі теоретигі болған Шлегель «Поэзия суреткер рефлексиясы мен өзіндік ғажайып бейнелеуді біріктіре отырып, «поэзиядағы поэзия» бола алуы керектігін» айтады [3, 301]. Ежелгі дүние ақындарынан басталған «өлеңді өлеңде жырлау» – қазіргі біз айтып жүрген метапоэзияның жарқын үлгісі болмақ. Осы тұста «Поэмадағы теория және теория поэма ретінде» («Theorie im Gedicht und Theorie als Gedicht») деген Армин Пауль Франктың еңбегіндегі «өлең туралы өлеңді» «поэтологиялық өлең» деген терминмен ұсынуын қайталап айта кетуге болады [4]. Сондай-ақ Ева Мюллер-Цетгельманның «Лирика және металирика» («Lyrik und Metalyrik») еңбегіндегі металирика туралы тұжырым да маңызды [5].

Әдебиеттің бастауы ауызша шығармашылық болғанын ескерсек, оның өнер түрі ретіндегі бастапқы қызметі орындаушылық сипатта болды. Ауызша шығаруды жазу алмастырған соң да бұл орындаушылық қызмет жоғалып кеткен жоқ. Абай шығармашылығы осы ауызша және жазба шығармашылық тоғысқан XIX ғасырдың әдеби-көркем кеңістігіне тән. Ауызекі түрде дамып, тыңдарманға бағытталған шығармашылықтың «салмағы жеңілдеп», үстірт кететін тұстары Абайдың талғамына татымайтын еді. Өйткені өлеңге қойылар эстетикалық талаптар ауызша шығармашылықтан қатаң талап етілмеді. Ал, Абай көшбасшы болған ұлттық поэзияның әлемдік көркем кеңістікке енуі биік талғам мен талап үрдісінен көріне білуінде болды. Тіл өнері, өлең сөз, үйлесім мәселесінде Абайдың шығармашылық санасын айқындаған сыни пайымның бір ұшығы сыншыл реализмге сабақтасады.

XIX ғасырда өнер кеңістігіне енген сыншыл реализм бағыты, Ю.Борев атап көрсеткендей, «жалпыадамзаттық ғаламат мінездер тудырмайды, қайта психологиялық үдерістің өзегіне ендеп кіре отырып, күрделенген, өз бойына шындықты жинақтаушы тұлғаның рухани дүниесіне тереңдейді» [6, 318].

Шет ел әдебиетінде Бальзак, Стендаль, Диккенс, Толстой, Гоголь, Достоевский, Чехов сияқты ірі суреткерлер сыншыл реализм бағытының айшықты тұлғалары болса, осы есімдер қатарына ұлттық әдебиетімізден Абай тұлғасы әбден лайық. Бұл бағыттың басты ұстанымы: жамандық атаулығы жамандықпен қарсы күреспеу, зорлық жасамау, өз-өзіңді үнемі жетілдіру. Бұл ұстаным Абай шығармашылығында әлеуметтік, эстетикалық, философиялық тұрғыда орын алған. Сыни пайым, эстетикалық талап пен талғам Абайдың дәл осы XIX ғасыр шеңберінде жазылған өлең туралы өлеңдерінен айқын көрінді. Абай тек сыни пайыммен шектеліп қалған жоқ, өз шығармашылығында өнердің, оның ішінде сөз өнерінің рух дүниесіне әсер етер құдыретін суреткерлік талантымен, кеменгерлік пайымымен таныта білді.

Нәтижелер

Абайдың 1887 жылы жазылған «Өлең – сөздің патшасы» он бес шумақтан тұрады. Оның он шумағы өлең, оған қойылар талап, қазақ арасындағы өлеңге деген көзқарас туралы. Абай танымындағы өлең – «сөздің патшасы», «сөз сарасы». Оған қойылар талап та осал емес:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы [7, 96]

Өлең сөзге жүйріктік – қазақ болмысына тән қасиет.

Қисынымен қызықты болмаса сөз,

Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Абай өлеңнің қасиетін кетіретін әрекеттерді сынға алады. «Қазаққа өлең деген бір қадірсіз» болғанын «көр-жерді өлең еткен ақылсыз, надан ақындар», «қобыз бен домбыра алып, топта мақтау айтқандар», «әркімнен өлеңмен қайыр тілеп, сөз қадірін кетіргендер», «мал үшін тілін безегендер» арқылы көрсетеді.

Өлең сөздің биік өресін, терең мағынасын байыптағанда ғана оның сыры мен сыны ашылмақ. Сондықтан да Абай «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп, ауызша/жазбаша шығармашылыққа сараптама жасай отырып, өлең өнерінің мән-мағынасын, ерекше табиғатын танытуға ұмтылды. Тыңдаушы демекші, шығармашыл тұлға өз өнімін тыңдарманға (ауызша шығармашылық, музыка өнері), оқырманға (жазбаша шығармашылық, әдебиет), көрерменге (сәулет, мүсін, сахна, кескіндеме) ұсынады. Шығармашылық үдеріс осы мақсатта жүзеге асатыны заңдылық. Бұл сөзімізді бекіте түсу үшін орыс қаламгері А.Толстойдың «шығармашылыққа қажетті екінші полюс – оқырман, егер жазғаныңызды ешкім оқымайтындай жағдайда тұрсаңыз, ештеңе жазбайсыз», –деген пікірін еске алайық [8, 63]. Кез келген өнер өнімі рухани тұтыну үшін қажеттігін ескерсек, Абай сын сарабына салып отырған мәселелердің маңызы ерекше екенін барынша түйсінеміз, түсінеміз.

Абай поэзиясындағы өлең туралы толғам-тұжырымдар тұтастай алғанда ұлы ақынның эстетикалық танымын, суреткерлік болмысын айқындай түседі. Ф.Шлегельдің «поэзиядағы поэзия» туралы ойын, Армин П.Франктің «поэмадағы теория», яки «теориялық поэмасын» еске алсақ, Абайдың «өлеңдегі теориясы» яғни «теориялық өлеңі» туралы батыл айтуға болады. Абай өлең сөздің теоретигі ретінде өлеңге қойылар көркемдік-эстетикалық талаптарды, оның сөз өнері ретіндегі қызметін танытуда ең әуелі сыни бағытты ұстанады. Осы санаттағы тағы бір өлеңі – 1888 жылы жазылған «Біреудің кісісі өлсе қаралы – ол». Ақын алдыңғы өлеңіндегі сыни ойларын жалғастыра отырып, қазақ халқының өміріндегі өлеңнің орнын көрсетеді:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең [7, 103].

Қазақы тұрмыс-салтта адам өмірге келгеннен кеткенге дейінгі түрлі рәсімдер дерлік өлеңмен, жырмен, тіпті болмағанда мақамдап, мақалдап айтылар өрнекті сөзбен тығыз бірлікте орындалғаны белгілі. Ғұрыптық фольклор үлгілері осының мысалы. Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең //Өлеңмен жер қойнына кірер денең» дегені – осыны мегзегені.

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл,
Қыз таныстыр – қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынамеңде, жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?
Ақын атап-түстеген бұл үлгілер тұрмыс-салт жырларының ерекше орын алатын түрлері.
Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық орайлы жарасымы,
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?

Бұл жолдар алдыңғы өлеңдегі «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» талап еткен талғамды әрі қарай бекіте түседі. Ақынның бұл екі өлеңі «өлең деген не?» деген маңызды сұраққа жауап беретін «өлеңдегі теория» яғни «теориялық өлең» деп пайымдасақ болады. Өлеңнің қадір-қасиетін саралап, айқындаудағы мақсат не? Ақын ол сауалға

былай жауап береді:

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Осы 1888 жылы жазылған жазылған «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп басталатын өлеңінде ақын алдыңғы өлеңдегі ойын ары қарай тарқата түсіндіреді. Өлеңдегі үйлесім, мағына мен мазмұн, әдеп туралы айта келіп, тағы да сыни пайымын ұсынады. Өлеңнің сыр-сипатын түсіндірудегі мақсатын «ойлы жасқа» айтылған өсиет, көрсетілген өнеге деп түсіндіреді:

Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық сертегі үшін [7, 134].

«Өлең –сөздің патшасы», «Біреудің кісісі өлсе...», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» – бұл үш туынды Абайдың өлең туралы тұжырымдарын, сыни- эстетикалық пайымын поэзия тілімен түсіндіруі. Ақын өлең туралы поэтикалық пайымды «тасыр//талапты» оппозициясында талқыға сала отырып, «көкірегі сезімді», «тілі орамды», «ойлы» «тыңдарманға «надан», «білімсіз бейшара», «ақынның» емес, «қиыннан қиыстырар ер данасының» «іші алтын», «сырты күміс» сөзін үлгі етеді.

Абайдың өлең, сөз өнері туралы пайым-пікірін танытатын туындыларына тоқтала келе, академик З.Ахметов былай дейді: «Абайдың орасан зор тарихи еңбегі мынада: ол жаңа заман қазақ әдебиетінің алдына жаңа міндеттер қоятынын жақсы түсінді, ұлттық әдебиетті жаңа дәуірдің тілек-талаптарына сәйкес жаңғырту қажеттігін ерекше көрегендікпен сезе білді және де бұл іске өз талантының бар күшімен қызмет етті» [9, 330]. Ұлттық поэзияны әлемдік деңгейге көтерген ұлы ақынның ерен еңбегі туралы бұл ақиқат қазақ өлеңінің биік эстетикалық талапқа сай дамуынан айқын аңғарылады. Өйткені ұлт поэзиясының шамшырағы Абай өлеңі, Абай тағлымы болды.

Өлеңнің сөз өнері ретіндегі мән-мағынасын осылайша түсіндірген ақын, енді сол өлең өнерінің құдыретін суреткер ретінде қалай сезінді деген сауалға жауапты «Сегізаяқ», «Адамның кейбір кездері» өлеңдерінен табамыз. Шығармашыл тұлғаның болмысын даралайтын талант кемелдігі мен эстетикалық жоғары талғам бұл өлеңдерден барынша айқын аңғарылады (әрине, бұл сипат басқа да өлеңдерге тән). «Суреткердің кемеңгерлігі әлемді қабылдауының күш-қуатынан да, адамзатқа әсер ету тереңдігінен де көрінеді» [6,92], – деген Ю.Борев пайымына салсақ, ақын өлеңдеріндегі эстетикалық таным және көркемдік қуат поэтикалық озық дәстүрді өткен шақтан қабылдап, болашаққа жалғаған, сөйтіп бағзыға да, келешекке де тиесілі болған шығармашыл тұлғаның кемеңгерлік биігін айғақтай түседі.

Көркем шығармашылық – тылсымға толы дүние. Өзіндік сезінуі, қабылдауы, әсерленуі, қорытуы бар ерекше бір әлем. Өнер атаулының тәжі деп бағаланатын сөз өнерінің мүмкіндігі шексіз, құдыреті бөлек. Абай оны 1888 жылы жазылған «Сегіз аяқ» атты өлеңінің кіріспесінде:

Алыстан сермеп, Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған –
Толғауы тоқсан қызыл тіл...
Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас [7, 125], – деген бейнелеулермен айрықша әсерлі, шынайы жеткізеді. Абайдың көркемдік санасын айшықтап тұратын ұлттық реңк «толғауы тоқсан қызыл тілдің» ерекше қызметін «тағыны жетіп қайырған» саятшының әрекетімен ұқсастыра бейнелеуінен айрықша көрінеді. Бұл бейнелеу сөз өнерінің – «толғауы тоқсан қызыл тілдің» алымдылығы мен шалымдылығын, жүйріктігін қапысыз жеткізудің кілті болып тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсеткен көрнек өнері түрлерінің табиғатына назар аударайықшы. Сәулет өнерінің ғажайып сипаты, кескін өнерінің сиқырлы бояуы, мүсін өнерінің тылсым қатпары, музыка өнерінің терең иірімі – осының барлығын баяндап жеткізетін сөз өнерінің сан қырлы табиғаты, теңдессіз мүмкіндігі Абай айтқандай, «шымырлап бойға жайылған» қалпымен асқақтай түседі.

А.Байтұрсынұлы сөз өнеріне ерекше мәртебе бере отырып: «Қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [10,151], – десе, біз бұл аксиомаға сөзсіз қол қоямыз. Тасты қашап, мүсін жасаған өнер иесінің сезінгенін, түйсінгенін басқа ешкім біле алмайды. Сол сияқты көңіл пернесін басып, қылын қозғаған әуенді музыкант қалай шығарады – оны да басқа жан білмейді. Сол сияқты ақын өзі сезініп, түйсінген жағдаятты қалайша шумаққа, бунаққа, ұйқасқа қалыптап, ерекше бір түрмен жарыққа шығарады – ол ақынның өзі ғана сезінер тылсым құбылыс. Мүсіннің, әуеннің, өлеңнің туындауында айрықша рөл атқаратын шабыт ерекше әсерленуден бастау алып, сол ерекше, сирек әсерді жадқа тұтып, ассоциативті ойлау көмегімен көркем дүниені ұсынады. Өнер – ассоциациялы ойлаудың өнімі. Абайдың «Адамның кейбір кездері» (1896 ж.) өлеңі шығармашылық табиғатын, шабыт шарасында буырқанған тұлғаның халін бейнелегенде хас суреткерге тән ассоциациялаудың тамаша үлгісін танытады.

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса.
Сылдырап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өзі үшін

Тұра алмас әсте жуынбай [7, 296] – деген шумақтарда адам жанындағы сезім құбылысын, көңіл қалпын табиғат құбылыстарымен астастыра, үндестіре суреттеу тұр. «Көңілде алаңның басылуы// Көктің бұлттан ашылуы» – жан дүние халін табиғаттың бұлттан ашылған жайдары сәтімен ұқсастырудың мысалы. «Тас бұлақтың суындай сылдыраған келісімнің» жанға сыйлар ләззаты «кірлеген жүректің еріксіз жуынумен» сабақтастырылады. Ақынның өзі ғана сезінер ерекше тылсым хәлді Абай:

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз, –

деп бейнелейді. Ақынның көргені мен сезгенін таразыға салып толғануы «ызалы жүрек, долы қол // улы сия, ащы тіл» жазған дүниеге тән. Бұл өлеңде ақын кешер күй мен «қуатты ойдан еркеленіп шыққан сөзді» бейнелеген суреткерлік шеберлік шырқау биікке көтерілген.

Ақынның 1898 жылы жазылған жазылған өлеңінде:

Қуатты оттай бұрқырап,
Уәзінге өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай сырқырап
Көк бұлттан үзілген [7,334] –

деген бейнелі жолдар бар. Өлең табиғаты «көк бұлтан үзілген жаңбырлы жайдай», «қуатты оттай бұрқырап, өлеңге өлшеп тізілген» теңеулерімен айқындала түскен. «Ақыл мен қайратты жүрекке жүгіндірген» ақын «ынталы жүрек сезген сөз бар тамырды қуалар», – дейді. Өлеңнің жүректен туу мезетін көк бұлттың ашылуымен, жаңбыр болып жаууымен үндестірудің негізінде шабыттың буырқанған, шалқыған қалпын жеткізу жатыр. Жүректегі буырқанған бұлқынысты «қуатты ойдан бас құраған», «қуатты оттай бұрқыраған» деп,

«қуат» сөзін қайталай қолдануы жай емес. Шабытқа серпін беретін осы «қуатты» ой, ақын өлеңдерінің көркемдік қуатын арттыра түскен.

Шығармашыл тұлғаны ой тереңіне батырып, сезім иіріміне тартатын тылсым хәлдің өнер туындысын дүниеге келтірудегі ықпалы айрықша. Бір құбылысты екінші бір құбылыспен салыстыра отырып, тың бейнелеуді тудыру суреткердің құпияға толы болмысына тиесілі. Көркем бейнелеудің тамыры эмоцияға барып тірелетінін ескерсек, шығармашылық иесінің қабылдауы мен әсерленуі тоғысқан өлеңнің өзегінде ой мен сезімнің ажырамас бірлігі жатқанына ден қоямыз. Абайдың «Өзгеге көңілім тоярсың» (1890 ж.) деп басталатын өлеңіндегі:

Өзгеге көңілім тоярсың,
Өлеңді қайтп қоярсың.
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.
Сайра да сайра, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын,
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын [7, 181], –

деген жолдар сезімтал, әсерленгіш көңілді жұбатар, жандысергітер, іштегі дертінен айықтырар өлең сөздің құдыретіне иландыра түседі.

Қорытынды

Поэзияны метапоэтика парадигмасында қарастыру үшін Абайдың «Өлең – сөздің патшасы», «Біреудің кісісі өлсе қаралы – ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Сегізаяқ», «Адамның кейбір кездері», «Қуатты оттай бұрқырап» өлеңдерін талдау нысанына ала отырып, нақты тұжырымдарға қол жеткізуге тырыстық.

Метапоэтикалық зерттеу көркем шығармашылық табиғатын, оның ішінде суреткердің шеберлігін, мәтін құрылымындағы шығармашыл тұлға болмысының танытуды мақсат ететінін мақала кіріспесінде айтып өткенбіз. Сол мақсатқа жету үшін ақындық қуат, сөз құдыреті, шығармашылық үдеріс, шабыт, ой мен сезім бірлігі зерделенді.

Абай өлеңдері мәтіндерін метапоэтикалық аспектіде қарастыра келе мынадай тұжырымдарға қол жеткіздік:

– Абайдың «Өлең – сөздің патшасы», «Біреудің кісісі өлсе қаралы – ол»,

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдері «поэтологиялық өлең» деген терминмен сипатталады және жаңашыл зерттеулерде әдебиеттанушылар атап- түстеген «өлеңдегі теория» немесе «теориялық өлең» болып табылады;

– «Сегізаяқ», «Адамның кейбір кездері», «Қуатты оттай бұрқырап»,

«Өзгеге көңілім тоярсың» өлеңдерінде шығармашыл тұлғаның өнер туындысын дүниеге әкелу процесі бейнеленіп, ақын мен өлеңнің тылсым байланысы айшықталып, шабыт сыры, ой мен сезім тоғысы өрнектеліп, суреткер болмысын барынша танытады.

Ұлттық поэзияны көркемдік-эстетикалық тұрғыда биікке көтерген ұлы Абайдың өлеңдері зерттеудің түрлі аспектісінде жаңа қырымен ашылып отыратын құнды мұра екеніне осы мақаладағы талдаулар мен тұжырымдар дәлел болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Штайн К.Э., Петренко Д.И. Метапоэтика. Поэты исследуют русскую поэзию: Монография. – Ростов-на-Дону: ИП Попов К.Р. «Полиграф-Сервис», 2018. – 534 с.
2. Аймұхамбет Ж., Айтуғанова С. Әдебиеттану аспектісіндегі метамәтін түсініктемесі. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №4, 2017. – 195-199 бб.
3. Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. В 2-х тт. Т 1. – Москва: Искусство, 1983. – 480 стр.
4. Armin P. Frank. Theorie im Gedicht und Theorie als Gedicht. Literaturwissenschaft zwischen Extremen: Aufsätze und Ansätze zu aktuellen Fragen einer unsicher gemachten Disziplin. – Berlin, New York, 1977, pp. 131-169
5. Müller-Zettelmann E. Lyrik und Metalyrik. Theorie einer Gattung und einer Selbstbespiegelung anhand von Beispielen aus der englisch-und deutschsprachigen Dichtkunst. –Heidelberg, 2000, p. 170.
6. Боров Ю. Эстетика. Аударғандар: Ә.Бөпежанова, Қ.Аманжол. Алматы:
7. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.
8. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 640 б.
9. Толстой А.Н. Собрание сочинений. В 10 т. Т.10. Москва: Художественная литература, 1982. – 760 с.
10. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
11. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.

Zh.A.Aimukhambet

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Abai's poems in the paradigm of metapoetics

Abstract. The article examines Abai's poetic nature and literary skills, his individuality as a creative person in the paradigm of metapoetics.

The nature of literary creativity, the mastery of the poet, the poetic language of his literary works were studied on the basis of conclusions of literary scholars as the main research directions of metapoetics. It is general knowledge that metapoetic analysis, based on the search for a creative personality in the text and thereby determining its identity, opens the way to new conclusions. In this context, there were analyzed Abai's poetic texts, characterizing his poetic nature, literary nature and aesthetic vision. Using the example of the poet's poems, which represent the idea of the essence, function of the art of words, their place in the spiritual and cultural knowledge, it is proposed to characterize them with the concepts "poetological poem", "theory in a poem" and "theoretical poem". In the process of analyzing poetic texts, the author highlights the issues of the creative process, inspiration, interweaving of thoughts and feelings, emotions that reflect the nature of the artist.

Keywords: metapoetics, poetology, aesthetics, creativity, critical thinking, inspiration, thoughts and feelings.

Ж.А.Аймухамбет

Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Стихи Абая в парадигме метопоэтики

Аннотация. В статье рассматриваются поэтическая природа и художественное мастерство Абая, его индивидуальность как творческой личности в парадигме метопоэтики.

Характер художественного творчества, мастерство поэта, поэтический язык художественного произведения были изучены на основе выводов ученых-литературоведов как основные исследовательские направления метопоэтики. Известно, что метопоэтический анализ, основанный на поиске творческой личности в тексте и тем самым на определении ее самобытности, открывает путь к новым выводам. В данном контексте были проанализированы поэтические тексты Абая, характеризующие его поэтическую натуру, художественную природу и эстетическое видение. Стихотворения поэта, представляющие мысли о сути, функции искусства слова, его месте в духовно-культурном познании, предлагается охарактеризовать с помощью понятий «поэтологическое стихотворение», «теория в стихотворении», «теоретическое стихотворение». В процессе анализа стихотворных текстов освещаются вопросы творческого процесса, вдохновения, переплетения мыслей и чувств, эмоций, которые отражают природу художника.

Ключевые слова: метопоэтика, поэтология, эстетика, творчество, критическое мышление, вдохновение, мысли и чувства.

References

1. Shtayn K.E., Petrenko D.I. *Metapoetika. Poety issleduyut russkuyu poeziyu: Monografiya* [Metapoetics. The poet studies Russian poetry: a monograph]. – Rostov-na-Donu: IP Popov K.R. «Poligraf-Servis», 2018. – 534 s.
2. Aimuhambet ZH., Aitufanova S. *Әдебиеттану аспектіндегі метаматин тусиниктемесі. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы* [Meta-text interpretation in the aspect of Literary Studies. Bulletin of the Eurasian humanitarian Institute]. №4, 2017. –195-199 bb.
3. Shlegel' F. *Estetika. Filosofiya. Kritika* [Aesthetics. Philosophy. Criticism]. V 2-h tt. T 1. – Moskva: Iskusstvo, 1983. – 480 str.
4. Armin P. Frank. *Theorie im Gedicht und Theorie als Gedicht. Literaturwissenschaft zwischen Extremen: Aufsätze und Ansätze zu aktuellen Fragen einer unsicher gemachten Disziplin.* – Berlin, New York, 1977, p. 131-169
5. Müller-Zettelmann E. *Lyrik und Metalyrik. Theorie einer Gattung und einer Selbstbespiegelung anhand von Beispielen aus der englisch-und deutschsprachigen Dichtkunst.* –Heidelberg, 2000, p. 170.
6. Borev Yu. *Estetika* [Aesthetics]. *Audarrandar: A.Bopezhanova, K.Amanzhol.* Almaty:
7. «*Ulttyk audarma byurosy*» kogamdyk kory, 2020. – 408 b.
8. Abai. *SHygarmalarynyng akademiyaalyk tolyk zhinagy. Ush tomdyk. 1-tom* [Academic complete collection of his works. In three volumes. Volume 1] Almaty: «ZHazushy» baspasy, 2020. – 640 b.
9. Tolstoy A.N. *Sobranie sochinenij* [The collection of socineny]. V 10 t. T.10. Moskva: Hudozhestvennaya literatura, 1982. – 760 s.
10. Ahmetov Z. *Poeziya shyngy – danalyk* [The peak of poetry is wisdom]. Astana: Foliant, 2002. – 408 b.
11. Baitursynuly A. *Alty tomdyk shygarmalar zhinagy* [Collection of works in six volumes]. 1-tom. Almaty: «El- shezhire», 2013. – 384 b.

Автор туралы мәлімет

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы – филология ғылымдарының докторы, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Aimukhambet Zhanat Askerbekkyzy – Doctor of Philology, Professor of the Department of Kazakh Literature, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur- Sultan, Kazakhstan.